

## Бұйрық мәнді сөйлем

Сөйлеушінің сөзі арқылы іс-әрекеттің шындыққа қатысын, айтушының ойын, көзқарасын білдіріп, белгілі грамматикалық тұлғалар арқылы жасалатын етістіктің түрі рай деп аталады. Етістіктің райлары төрт түрге бөлінеді: ашық рай, бұйрық рай, шартты рай және қалау рай.

**Бұйрықты сөйлем** - қимыл-әрекетке итермелу мақсатында айтылған сөйлем.

Бұйрықты сөйлем көбінесе ауызекі тілге тән. Бұйрық мағынасы әр түрлі реңкте беріледі: егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бәсең айтылады. Бұйрық мәнді сөйлемдердің жасалу жолдары:

1. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райының 2-жағында болса, бұйрықты сөйлем бұйрық, талап ету мәнінде айтылады. Мысалы: - Мен не айтсам, сен соны айт! - деді Марат Омарға қарап.

2. Баяндауыштары бұйрық райының 3-жағында болса, бұйрықты сөйлем талап, тілек мәнінде айтылады. Мысалы: Студенттер кітапханаға жылдамырақ барсын! - деді оқытушы.

3. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған -шы/-ші қосымшасы жалғанса, бұйрықты сөйлем тілек, жалыныш немесе сыпайы түрде бұйыруды, кейде сес көрсетіп, қорқыту мәнін білдіреді. Мысалы: - Қане, осы айтыста бас бәйгені маған бермей көрші.

4. Баяндауыштары етістіктің қалау, бұйрық райлары тұлғасынан жасалғанда, бұйрықты сөйлем ұран, үндеу мағынасын білдіреді: Мысалы: - Омар, тез жиналындар! Барлық жұмыскерлерді шақыр! - деді агроном.

5. Баяндауыштары ашық райдың келер шақ тұлғасынан жасалса, бұйрық мағынасын білдіреді. Мысалы: Бүгіннен бастап сабақ сезіз жарымнан басталады.